ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ ҮЕҰ КОАЛИЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕБІ



2017-2019

КОАЛИЦИЯ
ПРОТИВ ПЫТОК



Берілген құжат Адам құқықтары жөніндегі Польшалық Хельсинки қорының қаржылық қолдауымен «Қазақстанда азаптаудан бостандық алу» жобасы аясында дайындалған. Осы құжаттың мазмұны үшін жауапкершілікті тек оның авторы – Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы, Қазақстанның Азаптауға қарсы УЕҰ коалициясының үйлестірушісі алады, және ешбір түрде Адам құқықтары жөніндегі Польшалық Хельсинки қорының көзқарасын білдіретін болып санала алмайды.

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ	4
КОАЛИЦИЯ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛА	11
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АДВОКАЦИЯ	26
ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ	33
СТРАТЕГИЯЛЫҚ СОТ ДАУЛАРЫ	35



I КІРІСПЕ

Қазақстанның Азаптауға қарсы УЕҰ коалициясы (Коалиция) 2007 жылдан бастап қызмет етеді және 2019 жылға құрамында тәуелсіз сарапшылар мен серіктестерді қоса алғанда 47 қатысушы бар. Коалиция – бұл Қазақстанда азаптауға қарсы тұру және күресу үшін біріккен Қазақстан Республикасының үкіметтік емес бейкоммерциялық ұйымдарының («Коалиция қатысушылары») және олардың жақтастарының, қорғаушылардың, сарапшылардың ерікті альянсы.

Коалицияның негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында азаптауларға «нөлдік төзімділік» саясатын құру, азаптауды барынша азайту, одан кейін түбімен жою және Қазақстанда заңнама мен құқық қолдану тәжірибені халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.

Коалиция құрудың бастамашысы және ол құрылған сәттен бастап үйлестірушісі Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы (АҚҚХБ) болып табылады. Коалицияның қызметі Коалиция қатысушыларымен ақысыз атқарылады, сонымен қатар қазіргі уақытта Еуропалық Одақпен қаржыландырылатын және Адам құқықтары жөніндегі Хельсинки Қорымен (Польша) және БҰҰ Адам құқықта-



ры жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасымен, Адам құқықтарын қолдайтын халықаралық серіктестікпен (Бельгия) серіктестікте жүзеге асырылатын жоба шегінде демеу көрсетіледі. «Ашық қоғам» институтының ашық қоғамы, Эмнести Интернешнл, Хьюман Райтс Уотч, Норвегиялық Хельсинки Комитетінің Құқықтық бастамасы және тағы басқалары Коалицияға қоғамдық қолдау көрсетеді.

Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) белсенді қатысушылары және ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады. 2019 жылға ҰАТ қызмет атқарушы қатысушыларының 105-нің 26 қатысушылары Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері болып табылады немесе Коалиция құрамына жеке тұлға ретінде кіреді. ҰАТ Үйлестіру кеңесінің 19 мүшесінің ішінде 12-і Коалиция мүшелері болып табылады.

Коалицияға мүше ұйымдардың қызметкерлері ҚР Ішкі істер министрлігі, ҚР ІІМ ІІБ жанындағы Қоғамдық кеңестерге, ҚР СІМ жанындағы «Адами өлшем бойынша диалогтік алаң» Сабағаттық-кеңесші органға, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Азаптау және басқа қатыгез іс-әрекет және жаза түрлерін қолдану фактілерін қарау жөніндегі Жұмыс тобына қатысады.


Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ коалициясы қатысушыларының қызметіне төмендегілер кіреді:

- ✓ азаптау және қатыгез іс-әрекеттерге қарсы қорғау бойынша заңнамаға бақылау жүргізу;
- ✓ азаптау және қатыгез іс-әрекеттерге қарсы қорғауды кепіл етуге қатысты заңнаманы реформалау үдерісіне қатысу;
- ✓ қамауда ұстау орындарын қоғамдық бақылауға қатысу;
- ✓ азаптау құрбандарына құқықтық және медициналық көмек көрсету және құрбандарды оңалту;
- ✓ азаптауға қарсы қоғамдық компаниялар өткізу, соның ішінде халықаралық деңгейде өткізу;
- ✓ ел өңірлерінде ағартушылық және білім беретін бағдарламаларды жүзеге асыру;
- ✓ Қазақстанның барлық өңірлерінде, соның ішінде жабық мекемелерде, ҚҚК және ҰАТ қатысу арқылы азаптау және қатыгез іс-әрекет жағдайларына және азаптау туралы хабарламаларға қатысты жүйелік бақылау жүргізу;
- ✓ мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен тұлғаларды қорғау және азаптардың алдын алу мәселелері мен олар бойынша ұсыныстарды Коалицияның стратегиялық бағыттарына сәйкес талқылау жөнінде дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу;
- ✓ мемлекеттік билік органдарының өкілдерін азаптау және қатыгез іс-әрекеттердің алдын алу, азаптау және басқа қатыгез іс-әрекеттер мен жазаларды тиімді зерттеу, құжатпен дәлелдеудің халықаралық стандарттарына және тәжірибесіне сәйкестендіре кәсіби даярлау

КОАЛИЦИЯҒА БЕРІЛГЕН АРЫЗДАР САНЫ:


2017-2019 ж.ж. желтоқсан айының басында Коалицияда барлығы 624 өтініштер мен арыздар тіркелген.

Коалицияға берілген арыздар саны



2017 - 276 арыз; 2018 - 143 арыз; 2019 - 205 арыз

Жоғарыда келтірілген сандар ел ішіндегі Коалиция бөлімшелеріне жіберілген арыздарды көрсетеді. Арыздардың көбі Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының Алматы қаласындағы үйлестіру ұйымының мекенжайына келіп түседі.


происходит беспредел со стороны администрации, которая ежедневно избивают, издеваются над осужденных.

Обращаюсь к вам с просьбой чтобы Вы наказали сотрудников учреждений ЛА 155/14. Так как они преследуя, угражая, довели меня до крайних мер, а точеть до суицида, а именно моей смерти винить весь офицерский состав

БҰҰ азаптармен күресу және оның алдын алу саласында Қазақстанға берген негізгі ұсыныстары:

Азаптауға нөлдік төзімділік саясатын ұстану, ол үшін:

• Азаптау және қатыгез іс-әрекеттер туралы барлық арыздарды тиімді зерттеу.

• Кінәлілерді жауапқа тарту.

• Азаптау туралы арызданушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

• Ұлттық алдын алу тетігін жетілдіру.

• Азаптау нәтижесінде оның құрбандарына келтірілген зиянды барабар өтеуді қаматмасыз ету.

• Ұлттық заңнаманы Азаптау және де басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекет немесе жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияның 1 бабының ережелеріне сәйкестендіру

• Азаптар мен басқа қатыгез іс-әрекет түрлерінің қолданылуы туралы барлық хабарламаларды тәуелсіз тетіктің тиісті түрде зерттеуін қамтамасыз ету және азаптау арқылы алынған ешбір мәлімдемелер соттарда пайдаланылмайтынын кепілдік ету үшін қатаң сақтық шараларын тез арада қолдану.

• Азаптау және де басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекет немесе жазалау түрлеріне қатысты, атап айтқанда, түрмелерде орын алатын барлық жағдайлардың алдын алу үшін одан әрі шаралар қолдану.

• Қамауда ұстау орындарында Ұлттық алдын алу тетігінің мандатын АҚКФХ 4 бабына сәйкес кеңейту және оның қаржылық және оперативтік тәуелсіздігін қамтамасыз ету

Қазақстандағы 2019 жылдың соңындағы ерекше көңіл бөлуді талап ететін азаптау және басқа қатыгез іс-әрекет түрлеріне қатысты мәселелер:

Қазақстанда БҰҰ шарттық және жарғылық органдарының ұсыныстарымен расталатын Коалицияның бақылауы бойынша қазіргі уақытта келесі мәселелерге назар аудару талап етіледі:

• Азаптау туралы арыздар немесе хабарламаларды Сотқа

дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде тіркеуге қатысты қиындықтар (СДТБТ), себебі ҚР ҚІК 181 бабының 5 бөлігінің ережелері жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды СДТБТ тіркемеуге мүмкіндік береді, ал «қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған» жағдайда, оларды 3 тәулік ішінде «өкілетті органдардың тексеруіне» мүмкіндік береді. Бұл ереже азаптау туралы арыздар бойынша жиі қолданылады.

- Азаптау туралы арызданушыларға, ҚІК 181 бабы 4 бөлігі тәртібінде жалған шағым жсағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертіледі, бұл Коалицияның байқауы бойынша азап құрбандарының, әсіресе, бас бостандығынан айырылған жерде жазаларын өтейтін адамдардың ресми арыздар жазуды қаламауына алып келеді, себебі олардың азап туралы сөздерін дәлелдеу оңай болмайды, және де өздері үшін қауіпті екенін түсінеді.
- Қазақстанда бас бостандығынан айырылған жерде жазаларын өтеп жатқан азаптау туралы арызданушыларды ІІМ ведомстволық бағынышты емес арнайы мекемеге ауыстыру мүмкіндігі жоқ, себебі жазаларды орындау және алдын ала тұтқынға алу жүйелерінің барлық арнайы мекемелері қазіргі уақытта тек ІІМ басқаруында.
- Қазақстанда тұтқындарды «автозак» деп аталатын арнайы көлікте тасымалдау – басқа орынға ауыстыру жағдайлары адамгершілікке жатпайтын әрекет ретінде есептелуі мүмкін. Тұтқындарды, соның ішінде әйелдерді өте тар, қапырық жайларда тасымалдайды. Бұл жағдайлар Мандела Ережелеріне (БҰҰ Бас Ассамблеясымен 2015 жылы құрылған тұтқындарға қарым-қатынастың Минималды қалыпты ережелері) сәйкес келмейді.
- Жабық мекемелерде сексуалды зорлық-зомбылық әлі де маңызды мәселе болып отыр. Коалицияға бас бостандығынан айыру орындарында жазалар өтеуші тұлғалардан тұтқындардың арасында сексуалды зорлық-зомбылық туралы хабарламалар жиі келіп түседі, ал оларға мекеме әкімшілігі еш шара қолданбауда. Әлеуметтік балалар мекемелерінде орын алатын сексуалды зорлық-зомбылық

жағдайлары қатты алаңдатады.

- Тұтқындардың азаптан немесе қатыгез іс-әрекеттен құтылу үшін, не болмаса сондай іс-әрекетке қарсылық білдіру үшін өздерінің дене мүшелеріне зақым келтіру мекеме әкімшілігімен «әкімшіліктің заңды талаптарына бағынбау» ретінде бағаланады және 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру ретінде жазалауға алып келеді, және бұл – тұтқын өтеп жатқан жазаға қосымша беріледі.
- Қазақстанда азап үшін моралдық залалды өтеу әлі де жетілдірілмеген. Азаматтық заңнама азаптау құрбандарына моралдық зиянды мемлекеттік қазына қаражатынан өтеуді зиян келтірушінің кінәсін анықтаусыз қарастырмайды.
- Қазақстанда азаптаудан қорғау кепілі жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (ҚІК) сәйкес тек процессуалдық күдіктілерге қолданылады және жеткізілуге ұшыраған тұлғаларға қолданылмайды. Жеткізілу – қолданыстағы ҚІК-мен 2014 жыы енгізілген ұғым. Жеткізілу – бұл тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау үшін нақты ұсталған сәттен бастап 3 сағат мерзімге дейін қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шарасы. Және ұсталған адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығы расталғанда ғана ол ресми түрде тұтқынға алынады. Және тек сол кезде тұлға ҚІК қамтамасыз ететін қажетті азаптаудан қорғау кепілдерімен бірге тұтқынға алынған күдікті болып саналады.
- Нақты ұсталған сәтті бейнетіркеу жоқ. Ұстау уақыты ұстауды жүзеге асырған полиция қызметкерлері тарапынан көрсетіледі.
- Медициналық куәландыру жеткізілу бойынша тек ұсталған тұлғаның өтінішімен жүргізіледі.
- Қазақстанда азаптау туралы арыздарды тәуелсіз тексеру тетігі жоқ. Азаптаулар ерікті түрде Бас прокуратураның Арнайы прокурорлар департаментімен немесе оның бөлімшелерімен сол жерде тергелуі мүмкін. Жәбірленушілердің пайымдауынша қызметкерлері азап қолданған сол органдардың Жеке қауіпсіздік басқармаларының азаптау туралы хабарламалар бойынша нақты тексеру жүргізген оқиғалары да жиі кездеседі.

II КОАЛИЦИЯ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

БІЗДІҢ АДАМДАР



Роза АКЫЛБЕКОВА, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы директорының орынбасары, Азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалиция үйлестірушісі, ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы сараптама кеңесінің мүшесі

Коалиция 2008 жылдан бастап қызмет етіп келеді және құрылған сәттен бастап оның үйлестірушісі АҚҚХБ болып табылады. Алғашқыда Коалиция 15 ұйымнан тұрған, ал қазіргі уақытта бұл – азаптауға қарсы тұру және күресу мақсатымен біріккен 47 үкіметтік емес БКҰ, адвокаттар және сарапшылардың ерікті альянсы.

Бюро енді ғана құрылған кезде ол өзі үшін Азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пактіге сәйкес бастамашылықтарды (АСҚХП) алға тартты, сондықтан азаптауға қарсы күре тақырыбы біздің негізгі бағыттарымыздың бірі болды. 90-шы жылдардың ортасында өлім жазасын жою және азаптаудың алдын алу бойынша ірі халықаралық конференцияны өткізгеннен кейін Бюро Азаптауға қарсы конвенцияны және АСҚХП бекіту бойынша белсенді қызметін бастады. Дәл осы уақытта Бюро азаптауға және қатыгез іс-әрекеттерге тап болған адамдарға тікелей көмек көрсете бастады. 2005 жылдан бастап серіктестермен бірге біз қоғамдық қадағалау комиссияларын құру бойынша жұмыс істедік, ал 2008 жылдан бастап азаптауға қарсы Ұлттық алдын алу тетігін құру біз үшін басым болды. Біз Коалиция мүшелерін ҰАТ туралы заң құру үрдісіне тарта бастадық және үкіметпен бірге заң жобасын жасаумен айналыстық, ол заң 2013 жылы қабылданды. ҰАТ құра бастағанда 108 қатысушының ішінен 41 қатысушы Коалиция мүшелері болды. 2019 жылы ҰАТ Үйлестіру кеңесінің 26 мүшесінің 12-і Коалиция қатысушылары болды.

Коалиция жыл сайын шамамен 200 азаптау және қатыгез іс-әрекет фактілерін жағдайларын тіркейді. Әр мәлімдемеге ұйым заңгерлері прокуратура органдарына, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесіне өтініштер дайындайды. Заңгерлер өтініштер дайындайды, соның ішінде қаулыларға шағым беру үшін сот инстанцияларына жүгінеді. Коалиция азаптар құрбандарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін адвокаттарды (2019 ж. 18); Стамбұл хаттамасы бойынша тұжырымдар дайындау үшін сарапшы психологтар мен психиатрларды (соның ішінде моралдық зиянды бағалау бойынша – 2019 ж. 5) тартып отыр. Коалиция жыл сайын азаптар мен қатыгез іс-әрекет құрбандарымен жұмыс істеген кезде адвкаттар мен психологтардың мүмкіндіктері арттыру бойынша тренингтер, семинарлар өткізеді (2018 ж. 32 адам оқытылды, соның ішінде 27 адвокат, Қазақстанның 12 өңірінен 5 тәжірибеленуші заңгерлер). Құрылған сәттен бастап Коалиция ұлттық және халықаралық деңгейлерде адвокаттық іс-шаралар өткізіп келеді, халықаралық ұйымдармен және БҰҰ конвенциялық органдарымен бірге қызмет істеп келеді, Қазақстандағы азаптаумен күресу мәселелеріне назар аударту үшін баламалы баяндамалар, ортақ мәлімдемелер, ұсыныстар және т.б. дайындайды, бұл ретте ел ішінде мемлекеттік органдармен конструктивтік диалогты нығайтуды ұмытпайды. Біздің қолымыздан келгенше, біздің ұйым Коалицияның жұмысы үшін және үкіметтік емес сектордан мамандарды дайындау үшін қаржыландыру көздерін іздеп тырысуда. Жүйелік өзгерістер үшін жұмыс істей отырып, әлбетте азаптауға қатысты нөлдік төзімділікке қол жеткізгіміз келеді, алайда бұл біз тым жаһандық деңгейдегі мақсат болып отыр. Сондықтан, елдегі азаптауды мейлінше азайтуға тырысып келеміз.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Шахноза ХАСАНОВА, «Сана сезім» ӘБҚО ҚҰ директоры

Ұйым Азаптауға қарсы Коалиция құрамына 2008 жылдан бастап кіреді.

Мықты азаматтық ұстанымы бар демократиялық елді адамдарға қатысты азаптар қолданылатын жерде құру мүмкін емес. Қазақстанда азаптар қолдануды түбімен жою және

заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін мемлекет деңгейінде өзгертулер енгізу керек.

Ал ҮЕҰ тұлғасындағы азаматтық қоғам осылайша ел ішінде және қоғамда тиісті өзгертулерге бастамашылық етуге мүмкіндік беретін құрал болып саналады, себебі біз мемлекет және оның азаматтары арасындағы байланыстырушы болып табыламыз.

Қатыгез іс-әрекет және азаптар мәселелері өзара байланысты. Біздің ұйымымыз Шымкентте әртүрлі қатыгездік және зорлық-зомбылық түрлерінен зардап шеккендермен жұмыс істейді. Мысалы, еңбекке және сексуалдық қанау, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар жүгінді, оларды адам тұра алмайтын жағдайда ұстап, еркіне қарсы қызмет көрсетуге мәжбүрлеген, бұл біздің ойымызша, азаптауға тең келеді. Біз бұл мәселені БАҚ, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесуде қозғаймыз, осындай жағдайлардан өзінді және жақындарынды қалай қорғау керектігі туралы ақпарат таратамыз және мыңдаған таратылған материалдардың ішінен тым болмаса бірнешеуі жолданушыға жетер және біреудің өмірін құтқаруға көмектеседі деп үміттенеміз.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Виктор ТЕН, «Талдықорған құқық қорғау орталығы» ҚҚ директоры, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша ҚҚК мүшесі, Алматы облысы ІІД СКО мүшесі

Ұйым Азаптауға қарсы Коалиция құрамына 2009 жылдан бастап кіреді.

Азаптаудан бостандық адамның абсолюттік құқығы, іргелі құқығы болып табылады. Алайда, тәжірибе жүзінде, біз мемлекеттің азаптаудан бостандық маңыздылығын және осы құқықты азаматтарға қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемесін толық түсінбейтінін көріп отырмыз. Менің ойымша, ниеттес тұлғалардың, құқық қорғаушылардың, азаматтық белсенділердің күшін біріктіріп және мемлекет-

пен конструктивтік диалог құра отырып қана біз азаптауды қолдануға нөлдік төзімділікке қол жеткізе аламыз.

Өз тарапымыздан біз жағдайды тұрақты бақылауды, азаптаудан бостандықты кепіл етуге қатысты қолданыстағы заңнаманы қадағалауды, ұлттық және халықаралық эдвокасиге қатысу, барлық тергеу деңгейлерінде азап құрбандарына өкілдік ету.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Сергей МОЛЧАНОВ, “Doktor S.N.” ҚҚ директоры, медицина ғылымының кандидаты, жоғары категория психиатр-дәрігері, ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкілі жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшесі, Семей қ. СМУ КАҚ ПФ (Семей Медицина университеті коммерциялық емес АҚ Павлодар қаласы филиалы) дербестендірілген медицина және педиатрия кафедрасының ассистенті

Коалиция құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

Бізді қоғамды ізгілендіру ісіне өз үлесімді қосуға тырысып келемін. ЖОО-дағы дәрістерде оқушыларға Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының негізгі ережелерін түсіндіріп жеткіземін. Коалициядағы біздің жұмыстардың саны сапасына сай болып, елімізде адамдарға қатысты азаптау және қатыгез іс-әрекеттер азаяды деп сенемін.

Психиатр-дәрігер ретінде психиатрия саласындағы жағдай өте ақырын өзгеріп келе жатқанын, денсаулығы менталды жағынан зақымданған аурулардың құқықтары бүкіл ел ішінде дерлік бұзылғанын көріп отырмын. Жыл сайын ҰАТ шегінде Шоғырландырылған баяндамасы арқылы уәкілетті ведомстволарға денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтарымен байланысты жағдайды жеткіземін. Оған қоса, сарапшы-дәрігер ретінде стамбұл хаттамасына сәйкес полиция әрекеттерінен зардап шеккен азаматтарға сараптау жұмыстарын жүргіземін.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Юлия МАЛЮКОВА, Атырау облыстық адвокаттар алқасының адвокаты

Коалиция құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

Мен жұмыс істеп келе жатқан адвокат ретінде өмірде тұтқынға алынған және тергеудегі адамдарға азаптау және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекет түрлерін қолданып, олардан рұқсат етілмеген жауап алу әдістерін пайдаланудың іс жүзіндегі оқиғаларды жиі кездестіремін. Мен азаптау секілді жауыздықпен жеке тәртіпте ғана емес, азаматтарға азаптаудан бостандықты кепіл ететін заңдарды қабылдап, сақтай отырып, бүкіл мемлекет аясында күресу керек деп санаймын. Дәл осы менің Қазақстанда азаптауға қарсы күресті жүргізетін кәсіпқойлардың командасына кіруімен түрткі болды.

Осы «салада» жұмыс істейтін адвокат ретінде, рұқсат етілмеген тергеу алу әдістерінің қолданылу жағдайларын тұрақты түрде қадағалап отырамын, азаптау құрбандарына кәсіби заңды көмек көрсетуге дайынмын. Азаптарды қолданбауды кепіл етуге қатысты заңнаманы талдаумен айналысуға, сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға түзетулерді лоббилендіруге қатысуға дайынмын.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Зульфия БАЙСАКОВА, «Дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ Басқармасының төрағасы

Ұйым Азаптауға қарсы Коалиция құрамына 2015 жылдан бастап кіреді.

Азаптауға қарсы күреске аса белсенді түрде қатысу, нормативтік-құқықтық актілерге жүйелік өзгертулер енгізу, адамға қатысты кез келген іс-әрекет түрлеріне, соның ішінде жабық мекемелерде, қоғам ішінде нөлдік төзімділікті құру керек деп санаймын.

Гендерлік өорлық-зомбылықғ қатыгез іс-әрекеттің барлық түрлерінен қорғау бойынша қозғалысты дамыту аясында жұмыс істейміз. Біздің ұйым – Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы ҰАТ үйлестіру кеңесінің мүшесі, ақыры, әйелдер мен балаларға қатысты азаптауға қарсы тікелей жұмыс істейміз.

БІЗДІҢ АДАМДАР



Эльвира ВАТЛИНА, «Қазақстан балалар қоры» ҚҚ директоры

Ұйым Азаптауға қарсы Коалиция құрамына 2013 жылдан бастап кіреді.

Біз Коалиция құрамына оның мақсаты мақсатына, сонымен қатар жетекші ұйым Адам құқықтары жөніндегі бюроның беделі мен белсенді қызметіне сүйене отырып кірдік.

Біздің ұйым үшін, кәмелетке толмаған тұлға отбасында немесе мекемеде болуына қарамастан, баланың құқықтарын сақтау мәселелері әрдайым басым болып қалады. Соңғы уақытта, біз кәмелетке толмаған балаларға қатысты зорлық-зомбылық: дөрекі және қатыгез, ар-намысты қорлайтын іс-әрекет қолданылған жағдайларды жиі кездестіреміз. Жабық мекемелерде балалардың зардап шегу қаупі жоғары, бұл туралы ҰАТ мандатын кеңейтудің арқасында мүмкін болған ұқсас мекемелерге ҰАТ қатысушыларының қорытынды бақылау үшін баруы дәлелдейді. Бас бостандықтарынан айырылған балалардың айрықша әлсіздігі азаптау және қатыгез іс-әрекеттің алдын алу үшін жоғарырақ стандарттарды және кеңірек кепілдіктерді талап етеді. Міне сондықтан, жұмысты жүйелі түрде жүргізу керек деп санаймын. Коалиция жұмысында жабық балалар мекемелерінің, соның ішінде түзету мектептерінің қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру және олардың хабардар болуы бойынша бағытын нығайту қажет.



Татьяна ЗИНОВИЧ, «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ директорының м.а.

Ұйым Азаптауға қарсы Коалиция құрамына 2011 жылдан бастап кіреді.

Біздің ұйымның міндеті тиімді құқықтық реформалар арқылы құқықтың және демократиялық құндылықтардың ұлықтылығын нығайтуға бағытталған. Азаптау жеке тұрған мәселе және адамның негізгі құқықтарын ең сорақы бұзу болып табылады. Біз, азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде азаптауға мемлекеттік сектор және қоғам арасында құқықтық саясат және құқық қолдану тәжірибесі деңгейінде нөлдік төзімділікті алға тарту бойынша өзіміздің ақылақтық міндеттемемізді сезінеміз. Біз Коалиция ішіндегі жұмыс Қазақстандағы азаптарды жүйелік деңгейде жоюға көмектеседі деп сенеміз.

Бірнеше жыл қатарынан біз адвокаттарға БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетіне берілген азаптауға қарсы шағымдарымен жұмыс істеу механизмін үйреттік. Осы уақыт ішінде біздің тренингтардан бүкіл Қазақстаннан 300 аса адвокаттар өтті. Бұған қоса, біз Орталық Азия елдерінде азаптау фактілерін зерттеудің тиімді тетігін құруға бағытталған бірқатар ірі шараларды ұйымдастырдық. Біз көптеген сараптамаларды және нұсқаулық материалдарды дайындадық. Олардың ішінде: «Адвокаттарға арналған нұсқаулық. Азаптау және қатыгез іс-әрекет құрбандарына арналған азаматтық-құқықтық қорғау құралдары», «Мемлекет өкілдері тарапынан көрсетілген зорлықтың орнын толтыру мәселелері бойынша заңнамаға және тәжірибеге салыстырмалы талдау жасау», «Азаптау және қатыгез іс-әрекет құрбандарына арналған азаматтық-құқықтық қорғау құралдары» және көптеген тағы басқалары. Біз тек қана теориялық жағынан жұмыс істеуге тырыспаймыз, сонымен қатар азаптау құрбандары адвокаттарының жұмыстарын қолдау көрсете отырып, оларға көмектесуге тырысамыз.

БІЗДІҢ КӨМЕГІМІЗ



Анна Солодова

Әр мәлімдемеге, арызға (мейлі жазбаша, мейлі ауызша болсын) Коалиция заңгерлері ҰАТ бағыттары бойынша арнайы кездесулерді ұйымдастыру үшін прокуратура органдарына, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесіне өтініштерді жібереді. Азаптау фактілерін құжатпен дәлелдеу үшін жабық мекемелерге адвокаттардың баруын ұйымдастыру тұрақты түрде біздің қолымыздан келіп отыр. Заңгерлер әртүрлі өтініш хаттар, соның ішінде сотқа дейінгі тергеу органымен шығарылатын қаулыларға шағым беру үшін сот инстанцияларына өтініштерді дайындайды.

Өкінішке орай, тұтқынға алынған тұлғалар үшін қажетті медициналық көмек алу және тар шеңберлі маманданған дәрігерге көріну әлі де мүмкін емес, бұл БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетін мазалап отыр.

БҰҰ Ерікті жарналар қорының қолдауымен «Азаптар құрбандарын оңалту: заңды, медициналық және психологиялық көмек» жобасы аясында психологтарды тарту бойынша, соның ішінде Стамбұл хаттамасы жөнінде тұжырымдар жасау бойынша, жеке клиникаларда медициналық тексеру және қажетті медициналық дәрі-дәрмектерді сатып алу бойынша қосымша мүмкіндік пайда болды.

Коалиция ұлттық және халықаралық шаралар сатысында стратегиялық сот дауларын енгізу үшін адвокаттар мен заңгерлері тартуда.

2017-2019 жж. арасында санмен берілген қызмет

Азап құрбандарының мүдделеріне өкілдік ету үшін адвокаттар мен заңгерлер тартылды. Он бір істің 2-і сотқа дейінгі тергеу сатысында

19

39

Азап құрбандарына алғашқы кеңес беру түрінде (телефон және жеке байланыс арқылы) көмек көрсетілді

Қазақстанның Азаптауға қарсы УЕҰ коалициясымен қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен азаптау фактілері тіркелген

624

29

Азаптау туралы арызданушыларға сотта адвокаттар өкілдік етті

Стамбұл хаттамасы бойынша мамандардың ақылақтық зиянды бағалау жөніндегі қорытындылары

12

13

Жәбірленушілерге тегін медициналық көмек көрсетілді, соның ішінде дәрі-дәрмек құралдарын сатып алынды

Әрбір істі арыз берушімен келісу арқылы ақпараттық компания алып жүрді.



ОЛЖАС ТУРЫСБЕКОВ

2016 жылы маусым айының 19 күні 26 жасар Турысбеков Олжасты (Алматы облысының Сарқанд ауданы), ол автокөлігімен жұмыстан үйіне қайтып келе жатқан кезде, бір топ тоқтатты: біреулері азаматтық киім киген, қымбат джиптан шықты, басқалары қара бетперде киген, полицияның арнайы бөлімшелерінде қызмет ететіндері шағын автоубстан түсті.

Аздап сөйлескеннен кейін жігітті күш қолданып автокөлікке кіргізді, оның ішінде ауылдың тұрғыны басқа жас жігіт – Руслан Туралыков отырды. Кейін Олжасты басқа көлікке отырғызып, Ақсу АІІБ жеткізді. Онда оның орналасқанын ата-анасы келесі күні кешкісін білді. Олар Олжастың орналасқан мекендайын кездейсок куәгерден естіген. Турысбековты көрші Алакөл ауданының екі ауылынан мал ұрлағанын мойындауын талап етіп, түнгі сағат екіге дейін ұстады (Турысбеков сол уақытта өз әкесінің фермасында жұмыс істеген).

Тергеу аяқталған соң жас жігітті есік алдына шығарып, сол джип көлігіне отырғызып, оның ішінде таңға дейін қалдырды. Одан соң оны Алакөл АІІБ алып барды, ұрлық жасағанын мойындауын талап етіп, соққыға жықты, дегенмен мал ұрлау туралы арызды сол күйі ұсынбады. Азаптау түске дейін жалғасты, және Олжас өзін нашар сезінген кезде ол барлық ұсынылған қағаздарға, тіпті оларды оқымастан қол қойды. Оны дәлізге алып шыққан кезде ол жерде оның анасы Курмангалиева Сауле болды. Дәлізде Олжас жерге құлап түсті. Сол кезде Курмангалиева Сауле «жедел дәрдем» шақырды және Талдықорған қаласының құқық қорғау орталығына қоңырау шалды. Дәрігерлер келген кезде полиция қызметкерлері оларды жәбірленушіге кіргізгілері келмеді, алайда оны зембілде есік алдына шығару мүмкін болды.

Бірақ полиция қызметкерлері зембілмен бірге оны жерге лақтыра салды. Жас жігіттің дірілдеп, селкілдеп бастағанда оны әйтеуір ауруханаға алып кетті. Ауруханада оған қойған диагноз: жабық бас сүйек-ми зақымы, бас миының шайқалауы, сол жақ гемисиндромы, ішкі органдардың зақымдануысыз көкірек қуысының жеңіл жарақат алуы.

Талдықорған құқық қорғау орталығы және Қазақстанның Азаптауға қарсы УЕҰ коалициясының арқасында, «Азаптау» бабы бойынша қылмыстық істің қозғалуына қол жеткізу мүмкін болды, алайда Турысбековтың Алакөл АІІБ аумағында болуы фактісінің өзі ешбір жерде жазып тіркелмеген, сонымен қатар мойындау түсініктерімен бірге оны тергеу де еш тіркелмеген. Бұдан бөлек, адвокат Малюкова Юлияның, Турысбеков Олжастың өзінің және оның жақындарының қолдауымен үш полиция қызметкерін, соның ішінде Алакөл РІІБ қылмыстық істі тексеру полициясының бастығын жауапқа тарту мүмкін болды.

2017 жылы 8 тамызда бүкіл үшеуін әрқайсысын үш жылға бас бостандығынан айырып соттады, бұған қоса Турысбековқа миллион теңге мөлшерінде өтемақы төленді.



ЖАСЛАН СУЛЕЙМЕНОВ

2011 жылы 30 қарашада Сулейменов Жаслан (мүмкіндігі шектелген тұлға; мүгедек арбашасымен жүреді) және оның немере ағасы Жоболаев Куат әрқайсысы 8 жылға бас бостандығынан айырып сотталған болатын. Екеуі де лаңкестікті насихаттату, терроризм актілерін жасауға көпшілік алдында шақыруда, лаңкестік топ құруда және оны басқаруда кінәлі деп танылды. Қазақстандық арнайы қызметтердің айтуынша, Жаслан үш танысымен Кавказдағы Пятигорск қаласына жол тартты, мақсаттары «қаруланған заң-

сыз құралымға кіру және дінсіздерге қарсы күресте мұсылман бауырларына көмектесу» болды.

Алайда, Жасланның өзі қайтадан аяғына тұрғысы келіп, емделу үшін кеттім деп сендіреді.

Тергеу әрекеттері басталғаннан бері Жаслан оған азап көрсетілгені туралы мәлімдей бастады: оны соққыға жықты, соның ішінде сал болған аяғына зақым келтірген, дәретханаға баруға рұқсат етпеген, оны тұншығып қала жаздаған темір жәшікке орналастырған. Аса төмен температура кесірінен Жаслан үсіп қалып, өкпесі қабынған. Сол жақ аяғын ұру салдарынан ірінді жарасы ашылып кеткен, және де сол жақ саны остеомиелит ауруына ұшырады. Оның медициналық көмек көрсетуі туралы барлық өтініштеріне – Астана қаласының ҰҚК изоляторында оған бас тартылды. Тек тоғыз ай өткен соң ғана, ҰҚК тергеу басқармасы азаптау қолдануға оның шағымы бойынша қылмыстық іс қозғауда бас тарту туралы оған хатпен хабарлады, прокуратура осы шешіммен келісті. Бұған қоса, тұтқында бола тұра Сулейменов Жаслан қатыгез іс-әрекет қолданылғанына бірнеше рет шағымданған, алайда оның ешбір арызы тергеу жүргізуге алып келмеді. Өз елінде қорғауға қол жеткізе алмай, Сулейменов Жаслан, 8 жыл жазасын өтеп, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне жеке шағыммен жүгінуге мәжбүр болды. Шағымды дайындауда және оған адвокат беруде одан әрі оған АҚҚХБ және Қазақстанның Азаптауға қарсы УЕҰ коалициясы көмектесті.

2017 жылы 21 наурызда БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетімен қабылданған түсініктерде ұсынылған фактілер тұлғаға лайықты болатын автордың адамшылықпен қарау және ар-намысты құрметтеу құқықтарының бұзылуын дәлелдейтіні туралы қорытынды жасалған. Комитет келесідей көрсетті: «қатысушы ел авторға тиімді қорғау құралын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін қатысушы елдер Пакті бойынша көзделген құқықтары бұзылған тұлғаларға зиянның орнын толық толтыру керек. Сәйкесінше, қатысушы ел, атап айтқанда келесі қадамдарды орындауға тиіс:

a) автордың азаптау және заңсыз іс-әрекеттер туралы пайымдауларын жедел және әділ тергеу;
b) авторға тиісті өтемақы ұсыну;
c) авторға тиісті медициналық-санитарлық қызмет көрсету және оның шектелген мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып көмек көрсету.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің мемлекеттен Қаржы министрлігі тұлғасында азаптау үшін ақылақтық зиянды өндіріп алу туралы шешімін қамтамасыз ету үшін Сулейменов сотқа жүгінді.

2018 жылы 11 қазанда Астана қаласының Есіл аудандық сотының сот отырысына Қаржы министрлігінің екі өкілі тұлғасында жауапкер қатысты. Олар БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің шешіміне қарамастан азаптау фактісі расталмады деп мәлімдеді. Үшінші тұлға болып СІМ өкілі қатысты, ол БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің шешімі ұсыныс сипатта болды деп мәлімдеді. Жауапкерлердің дәлелдерінің негізінде сот келесі шешім шығарды – азаптау фактісі дәлелденбеді, өтемақы төлеуде бас тартылсын.

2019 жылы 5 наурызда Астана қалалық сотында бірінші инстанциялы соттың шешіміне шағым жасау бойынша апелляциялық тыңдау өтті. Адвокат Ким Снежананың сөзіне сүйенсек, алдынғы инстанцияда келесідей көрсетілген: «талапкердің талаптары БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Пайымдауларына негізделген, оларды зерттеу оларда көрсетілген пікірлер Сулейменов Ж.Е. оған қатысты жол берілген зорлық фактілері туралы жеке пікіріне және Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің нақты нормаларын ашуға ғана негізделгенін дәлелдейді». Қаржы министрлігінің өкілі арыз берушінің берілген заңға қайшы әрекет шынымен де құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалғанын куәландыратын негізді дәлелдер бермеді деп мәлімдейді. Осы негіздерде апелляциялық алқа келесі шешімді шығарды: бірінші инстанциялы сот шешімін жою туралы шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын.

САРАПШЫМЕН СҰХБАТ



Татьяна ЧЕРНОБИЛЬ, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық бойынша тәуелсіз сарапшы

Елімізде, сіздің ойыңызша, азаптарды қолдануға байланысты жағдай қаншалықты жақсарды немесе нашарлады?

- Азаптармен байланысты жағдай, қалай болғанда да жабық мекемелерде жақсармады; азаптауды тұтқындарды тәртіпке салу және бағындыру құралы ретінде қолдануды жалғастырып келеді. Тек азаптарды қолдану әдістері өзгергені болмаса, олар шектен шығып бара жатыр, алайда бұдан жәбірленушілердің өздерінің жағдайы еш өзгеріп отырған жоқ. Қазір сотқа дейінгі кезеңде азаптау сирек қолданыла бастағаны рас. Тергеу органдары өздерін қаталырақ ұстай бастаған сияқты, мұның себебі адамдардың тұтқынға алу сатысында өз құқықтарын жүзеге асыру қолжетімдірек болды. Дегенмен нақты тұтқынға алу деп нені айту керек деген түсінік қалыптасады, әйтсе де тұтқынға алынған адамға қатысты құқықтары хаттаманы рәсімдеген кезде іске асырыла бастайды. Алайда, қалай болғанда да, қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу сатысында азаптау туралы хабарламалар азырақ түсіп отыр.

Азаптауды қолдану тәжірибесін түбімен жою үшін және бірнеше рет мәлімделген нөлдік төзімділік деңгейіне жақындау үшін мемлекетке не жетпейді сонда?

- Мемлекетке жетпейді – және бұл біздің үнемі жасайтын ұсы-

нымыз – азаптарды тиімді тергеу тетігі. Тәуелсіз емес, дәл тиімді тетік туралы айтып отырмыз, себебі қазақстандық жүйе жағдайында тәуелсіз болу қиын. Сөйтіп, Азаптауға қарсы коалиция ретінде, біз мұндай тетік азаптау құрбандары үшін қолжетімді болғанда, яғни азаптар құрбаны, көрінеу жалған мәлімет жеткізгені үшін қылмыстық жауапқа тартылуда қорықпай, оған жүгіне алуы мүмкін болған кезде оны тиімді деп санай аламыз. Бұл тетікті, сондай-ақ, қалай болғанда да мамандар үшін, өзі сүйенетін нұсқауларды сақтауда айқын болған кезде тиімді деп санауға болады. Әлбетте, бұл тергеу нұсқаулары ең жоғарғы халықаралық стандарттарға (бұған қоса, Стамбұл хаттамасына) сәйкес келуі тиіс. Және ең соңғысы – жұртшылыққа не болмаса парламентке есеп беруі тиіс және тетік пен қоғам арасында қандай да бір байланысты сақтау үшін, кем дегенде жылына бір рет есеп беріп отыруы керек. Және оны қазіргі уақытта ведомствоішілік құрылым деп айтып үйренгендей, билік құралы деп санамау үшін. Азаптау кез келген бір деңгейде әрдайым мемлекеттің қатысуымен орын алатындықтан, қоғам мұндай тергеу тетігі өз қызметінде адал екеніне сенімді болу керек.



Сіз жалған мәлімет жеткізу үшін жауапкершілік туралы айтып өттіңіз. Және дәл қазір ол бойынша жазаны қатайтты. Сондай «жалған мәлімет жеткізу» азаптау туралы хабарламалармен арақатынас орнату керек?

- Бұл тек қазақстандық құқық қорғаушылардың ұсынысы емес, сонымен қатар осы ереже азаптар туралы арызданушыларға қолданбауы тиіс екенін туралы халықаралық құқық қорғау қоғамдастығының да ұсынысы болып табылады. Кез келген хабарлама қандай нәтижеге алып келетініне қарамастан бірдей тергелуі тиіс.

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АДВОКАЦИЯ

Әмбебап мерзімді шолу аясында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінде есеп беру

2019 жылы 10 қазанда құқық қорғау қоғамдастығының 13 ұлттық сарапшыларын, соның ішінде Қазақстанның Азаптауға қарсы YEҰ коалициясының қатысушылары Әмбебап мерзімді шолудың (ӘМШ) үшінші кезеңі аясында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің (БҰҰ АҚК) алдын ала сессиясына қатысты. Залда БҰҰ АҚК мүше елдердің тұрақты миссиясының 25 аса өкілдері; Женевадағы Қазақстанның тұрақты миссиясының өкілдері; ҚР-да Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Азимова Э.А. және халықаралық ұйымдардың өкілдері болды.

Спикерлермен Әмбебап мерзімді шолу аясында БҰҰ АҚК Қазақстанға берген ұсыныстарын орындауға қатысты қазіргі жағдай бойынша, соның ішінде азаптар мен қатыгез іс-әрекетке қарсы тұру саласындағы пікірлер айтылды.

Бұдан бөлек, 2019 ж. Қазанның 7-нен 10-ы аралығында, осы сапар барысында құқық қорғаушылар Тұрақты дипломатиялық миссия және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен 10 аса кездесулер өткізді (Ирландия, Германия, Португалия, Италия, Франция, Уругвай, Словения, Мексика, Чехия, Норвегия және т.б.).

Осы кездесулер үшін арнайы дайындалған Briefing paper құжатында ӘМШ аясында Қазақстан Республикасының үшінші есебін қарастыру барысында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне мүше елдердің өкілдері қоюы мүмкін болған 30 сұрақ және ұсынуы мүмкін болған 50 аса ұсыныстар айтылды. Азаптау және қатыгез іс-әрекет бөлімінде сарапшылар тағы да негізгі ұсыныстарды айтып өтті.

Ал бұл ұсыныстар Қазақстанның заңнамасын және құқық қолдану тәжірибесін осы саладағы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін тез арада шаралар қолдануды талап етеді.



Олар ішінде төмендегілер бар:

• «Азаптап» деген ұғымды Азматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 7 бабына және өзге халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін және азаптар ешбір жағдайда да ақталмауын қамтамасыз ету үшін заңнаманы қайта қарау.

• Азаптаумен байланысты қылмыс үшін жаза, заңнама тұрғысынан да, тәжірибе жүзінде де қылмыстың ауырлығы мен сипатына шамалас болуын қамтамасыз ету. ҚР ҚК 146 бабының нормасынан бас бостандығынан айыруға баламалы жаза түрлерін алып тастау.

• Соттың азаптау туралы мәлімдемені алғашқы тергеудің ең төменгі шамасын өздігінен қабылдау құқығын орнату (дәлелдерді бекіту, ұлттық деңгейде тиімді құқықтық қорғау құралына құқықты қамтамасыз ету мақсатында), осылайша тергеу органының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау.

• Азаптарға қатысты нөлдік төзімділік саясатын қатал ұстану және БҰҰ Азаптауға қарсы комитетінің, Азаптау туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашының барлық ұсыныстарын, сонымен қатар Әмбебап мерзімді шолу аясындағы ескертулерді орындау.

• Қылмыстық атқару жүйесін ҚР Ішкі істер министрлігіне енгізуден шығару туралы мәселені қарастыру, сонымен қатар медициналық қызметті ҚР Ішкі істер министрілігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Білім министрлігі және т.б. бағынуынан Денсаулық сақтау министрлігінің бағынуына ауыстыруды жүзеге асыру.

• Тұлғаларды бас бостандығынан айыру орындарында және өзге жабық түрдегі жерлерде ұстау жағдайларын тұтқындарға қарым-қатынастың Минималды қалыпты ережелеріне, психикасы бұзылған тұлғаларды қорғау жөніндегі БҰҰ ережелеріне,

Пекин және Эр-Рияд ережелеріне және т.б. сәйкестендіру. Осындай мекемелердің қызметкерлерін оқыту бойынша қажетті шаралар қолдану.

• Азаптау және өзге қатыгез іс-әрекет түрлеріне шағымдар бойынша тергеу тәуелсіз органмен жүргізілуін және дәлелсіз созылмауын және «арнайы прокурорлар басқармасы» азаптау және қатыгез іс-әрекет жағдайларын барлық тергеу жұмыстары үшін өздері жауап беруін және оларға бағынатын құқық қорғау органдарына тергеуді аудара салмауын қамтамасыз ету;

• Болжалды азаптау немесе қатыгез іс-әрекет құрбандарына қатысты «жалған мәлімет жеткізуде» айып тағудан тартыну;

• Азаптау және қатыгез іс-әрекет құрбандарына толық бейәлеуметтендіру, соның ішінде оңалту, тиісті өтемақы алу және қылмыстық іс бойынша сот қарауына қарамастан азаматтық-құқықтық қорғау құралдарын пайдалану мүмкіндігі қол жетімді болуын қамтамасыз ету;

Алдынғы ұқсас сапарлар барысында да, Қазақстанның ҮЕҰ коалициясымен бірге ӘМШ іс-шараларға Қазақстанның құқық қорғаушыларының жаңа буынын өкілдері қатысты. Олар осы кездесулерде барлық мүдделі тұлғаларға өздерінің дайындаған бес бағыт бойынша баяндамасын ұсына алды, сонымен қатар кейбіреулерінің миссиялар алдында өз тақырыптары бойынша сөз сөйлеу мүмкіндігі болды.

2019 жылы 7 қарашада Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының (АҚҚХБ) кеңсесінде БҰҰ АҚК 34-ші сессиясы барысында ӘМШ аясында БҰҰ АҚК ұсыныстарын орындау бойынша Қазақстанның БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесіндегі баяндамасының тікелей көрсетілімі ұйымдастырылды. АҚҚХБ іс-шарасына азаматтық қоғамның журналистері мен белсенділері қатысты, алд АҚҚХБ заңгерлері қазақстандық делегацияның сөз сөйлеуіне пікірлерін білдірді және қатысушыларды мазалайтын сұрақтарға жауап берді.

Қазақстанның ӘМШ аясындағы кезекті мерзімді баяндамасын қарастыру нәтижелері бойынша БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі 245 ұсыныстар шығарды, соның ішінде азаптау және қатыгез іс-әрекет бойынша – 9. Олар басқаларына қоса, келесілерді қамтиды:

• азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін ұлттық заңнаманы Азаптау және де басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты қорлайтын іс-әрекет немесе жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияның 1 бабының ережелеріне сәйкестендіру;

• Азаптар мен басқа қатыгез іс-әрекет түрлерінің қолданылуы туралы барлық хабарламаларды тәуелсіз тетіктің тиісті түрде зерттеуін қамтамасыз ету және азаптау арқылы алынған ешбір мәлімдемелер соттарда пайдаланылмайтынын кепілдік ету үшін қатаң сақтық шараларын тез арада қолдану;

• Ұлттық азаптаудың алдын алу бойынша тетікке азаптауға қарсы күрес және оны түбімен жою бойынша күәрекетін жалғастыру мақсатында жеткілікті ресурстар мен кең мандатты ұсыну және тетіктің тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Жалпы, бұл Қазақанның Азаптауға қарсы коалициясының сарапшылары БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесіндегі делегация өкілдерімен кездесулерінде өздерінің жазбаша және ауызша түсініктерінде бұрын айтып өткен ұсыныстар болып табылады.

ЕҚЫҰ ДИАҚБ Адами өлшем бойынша мәжілісі

2019 жылы Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясының қатысушылары ЕҚЫҰ ДИАҚБ Адами өлшем бойынша жыл сайынғы мәжілісіне жеке қаыспағанына қарамастан, Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы өзінің серіктестері – Тәжікстанның және Қырғызстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық серіктестік (Бельгия), Адам құқықтары жөніндегі Түркмен бастамасы,

Адам құқықтары жөніндегі Польшалық Хельсинки қоры және Орталық Азиядағы Адам құқықтарын қолдайтын қауымдасық – бірге Орталық Азиядағы азаптау және қатыгез іс-әреке жағдайлары бойынша ортақ мәлімдеме дайындады, онда Орталық Азия елдерінің үкіметін азаптауға абсолютті төзімділік саясатын жүзеге асыру үшін бар мүмкін күштерін салуына тағы да шақырды.



Мәлімдемеде, сондай-ақ, барлық бес мемлекетте азаптауға қарсы күреске бағытталған заңнаманы нығайту саласында нақты бір алға жылжу болғанына қарамастан, құқықтық кепілдіктер тәжірибеде жиі жүзеге асырылмайды және оны орындамайтын лауазымды тұлғалар жауапқа тартылмайды.

Сондықтан да, азаптау және қатыгез іс-әрекеттерді түбімен жою мақсатында барлық орта азия елдерінің үкіметі осы мәселенің шынайы ауқымыен көпшілік алдында мойындауы тиіс, істер мен тергеулер бойынша толық статистикалық деректерді жариялауы тиіс, тәуелсіз бақылаушыларға қамауда ұстау орындарына баруға толық рұқсат беруі және тамырын кең жайған жүйелік күрделі мәселелерді ашық та айқын шешуі тиіс. Бүкіл бес елдегі сот билігі тәуелсіз болып табылмайды, және заңнамада да, тәжірибеде де айыпталушының ұстанымы айыптаушы жақтың ұстанымымен салыстырғанда көрінеу әлсіз болып табылады. Құқық қорғау

органдарының және түрме қызметкерлері адвокаттарға өздерінің клиенттерімен кездесуіне және құпия түрде сөйлесуіне жиі кедергі келтіреді. Құрбандар, адвокаттар және құқық қорғаушылары азаптар қолдануда айып таққан кезде құқық қорғау органдарының тарапынан қуғындалу қаупіне жиі ұшырайды және қолданыстағы қорғау тетіктерін иелене алмай, әлсіз болып қалады. Елдердің ешқайсысы азаптарды қолдану туралы өтініштерді тергеуге арналған тәуелсіз тетіктерін құрмады. Тергеу жұмыстары көбінесе құпия болып келеді, бұл азап құрбандары және олардың адвокаттарына өз құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік бермейді. Азаптар құрбандарын қарап тексеретін дәрігерлер, азаптау нәтижесінде келтірілген жарақатты айқындайтын болса және өзге дәлелдерді белгілейтін болса, құқық қорғау органдар тарапынан қысымға жиі ұшырайды, және де Орталық Азия елдерінің ешқайсысы тәуелсіз сот-медициналық сарапшылардың және психиатр-сарапшылардың сотқа берген қорытындыларын ескермейді немесе тиісті түрде назарға алмайды. Полиция қызметкерлері қылмыстарды кәсіби түрде тергеу үшін қажетті дайындақтары мен біліктіліктері көбінесе болмайды және қысым көрсетіп мойындауға қол жеткізу және дәлелдерді жалған етіп жасап шығаруға тырысады. Азаптарға қарсы сәтті күрес, сондай-ақ, қылмыстық сот әділдігі жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен күресуді де талап етеді, себебі лауазымды тұлғалар жеке пайдаға қол жеткізу үшін күдікті және тұтқынға алынған адамдардың әлсіздігін өздеріне қарай жиі қолданады.



Ұлттық адвокация

Коалицияның барлық ақпараттық материалдары мүдделі тұлғаларға – тұрғындарға, ҮЕҰ, құқық қорғау органдарына және бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғаларға кеңінен таралуда.

Оған қоса, материалдар АҚҚХБ сайтында (www.bureau.kz), Коалицияның интернет-сайтында (www.notorture.kz) және www.trender.kz интернет-ресурсында, және АҚҚХБ-ның және Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮеҰ коалициясының Facebook парақшасында жарияланады

Баспасөз конференциялары және іс-шаралар

Коалиция қатысуымен 11 баспасөз конференциялары өтті.







Басқа

Коалиция Қазақстан Үкіметі елдегі үкіметтік құрылымдар және басқа билік тармақтарымен, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Уәкілмен диалогта мәлімдеген азаптарға қатысты «нөлдік төзімділік» курсына сәйкес келу қажеттілігін алға тартуды жалғастырып келеді.

IV ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

2019 жылы Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қазіргі құрамына Коалиция қатысушылары кіреді, олардың 26-сы – ҰАТ қатысушысы және 8 – ҚР-да Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы ҰАТ Үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады.

2017-2019 жылдары Коалицияның қатысуымен ҰАТ мандатындағы жабық мекемелерге 1538 сапары болды, олардың ішінде: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, Білім және ғылым министрлігі.

Коалицияның 6 қатысушысы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы ҰАТ Үйлестіру кеңесінің (ҮК) қатысушылары болып табылады. ҮК қатысушылары ҰАТ топтарының өңірлерге сапары нәтижелерін сараптауға, есеп беру нысанын және ішкі ережелер мен нұсқаулар құруға тікелей тартылған, ҰАТ топтары сапарларының нәтижелері бойынша жылдық есеп дайындайды, ҰАТ топтарына жылдық іріктеуді жүзеге асырады. ҮК мүшелері Қазақстанның ҰАТ жылдық Шоғырландырылған есебін дайындауға және ұсынуға белсенді түрде қатысады. Осы жылы Коалиция қатысушылары, ҮК мүшелері ретінде, есептеме дайындау және сапалы ұсыныстарды жасауға ерекше көңіл бөлінген топтардың әлеуетін күшейту бойынша ҰАТ қатысушыларына арнап өңірлік тренингтер өткізу үшін тартылды. Тренингтерді Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ кеңсесінің қаржылық қолдауымен Адам құқықтары жөніндегі Уәкілі ұйымдастырды.

2019 жылы сәуір айында Коалиция ҚР Уәкіл жанындағы Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне – Турмагамбетова Ж.У. және Ибраева А.Н., сонымен қатар Алматы қ. және Алматы облысы бойынша ҰАТ тобының жетекшісі – Мирошниченко И.О. қаржылық қолдау көрсетті. Бұл көмектің мақ-

саты қазіргі уақытта тек өмір бойы бас бостандығынан айыруға (ӨБА) сотталғандар ғана орналасқан Қостанай облысы ҚАЖД Жетіқара а. УК-161/3 мекемесіне бару.

Сол сапарлардың нәтижелері бойынша негізгі ұсыныстар:

- берілген мекеменің күнделікті қызметінде оңалту және бейәлеуметтендіру бойынша бағдарламалрды енгізу (білім алу үшін мүмкіндік беру; кәсіби дайындық және жұмыс; медициналық көмектің қолжетімділігі);
- өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған әр адамның психикалық жағдайын анықтау үшін және оларды одан әрі емдеу және психиатр-мамандардың тексеруі мақсатында ұлттық психиатрия орталығының мамандарын тарта отырып ортақ жұмыс тобын құру;
- өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты босату мәселелерін қарастыру (ұлттық заңнамада ӨБА сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты босатуға дайындау институты жоқ).

Ағымдағы жылдың (2019 ж.) 14-15 наурызында Нұр-Сұлтан қ. Қазақстанның бүкіл өңірлерінде ҰАТ қайта таңдалған қатысушылар үшін тренинг өтті. Бұл тренинг Орталық Азия бойынша БҰҰ АҚЖКБ өңірлік бөлімшесінің, ЕҚЫҰ бағдарламасының Нұр-Сұлтан қ. кеңсесінің, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бастамасы бойынша Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасы кеңсесінің қолдауы арқасында өткізілді. Тренинг бағдарламасы әртүрлі ведомстволардың «жабық» түріндегі ҰАТ мандатымен басқарылатын мекемелерде адамның ар-намысын қорлауға жол бермеуге бақылау жүргізу біліктілігі, дағдылары мен біліміне бағытталған болатын.

8 ай өткен соң, 21-22 қарашада Нұр-Сұлтан қ. ҚР ҰАТ қатысушылары үшін тренинг өткізілді, оның мандатына осы жылы (2019) әртүрлі ведомстволардың «еркін емес» балалар мекемлері кірді:
Білім және ғылым министрілігі, Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі, сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі мен Қорғаныс министрлігі. Тренинг ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталықтың бастамасымен өткізілді, оған ЮНИСЕФ, БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы кеңсесі қолдау көрсетті. Тренингте елдің бардық өңірлеріндегі ҰАТ қатысушылары өздерінің кәсіби деңгейін арттырды.

Оқыту іс-шараларында тренерлер мен сарапшылар ретінде Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ коалициясының келесі мүшелері сөз сөйледі: Роза Акылбекова, Юрий Гусаков, Куат Рахимбердин, Екатерина Кавлис, Ирина Мацкевич.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СОТ ДАУЛАРЫ



Искакова Дилараның ісі (азаптау құрбанына негізгі кепілдіктерді ұсыну, тиімсіз тергеу)

Қазіргі уақытта Коалицияның қарауында Алматының тұрғыны, 30.07.1986 жылы туған Искакова Дилара Ермекованың ісі жатыр. 13.05.2018 жылы үйде әжесімен және екі кәмелетке толмаған балаларымен отырғанда, Диларанның ұялы телефонына белгісіз адамдар қоңырау шалды.

Олар алдамшылықпен оның орналасқан жерін біліп алды. Кейін есікті біреу қақты, ол есікті ашқан кезде пәтерге жеті адам кірді. Екеуі қызметтік куәліктерін көрсетті, бірақ қандай мемлекеттік орган екенін көруге мүмкіндік бермеді. Кірген адамдар осы пәтерде тұратындарға қатысты сұрақтар қоя бастады, дәл осы жерден 102 нөміріне қоңырау түсті деп айтты, алайда өздері Алматы қаласы Әуезов ауданының ІІІД қызметкерлері болып табыламыз деді. Дилараны полиция басшысының бұйрығымен «мән-жағдайды анықтау» үшін ІІІД жеткізді. Алтыншы қабатта Искаковаңы бастықтардың біреуіне алып кірді, ол Искаковаға тиесілі емес телефон нөмірлерін көрсетті. Одан кейін басқа кабинетте алып кірді және полиция қызметкерлердің бірі арқа жақтан иықтан төмен қарай, қолдың білезігінен ұра бастады, ақырында ұялы телефонды ұрлауын мойындауды талап ете отырып, темекінің шоғымен күйдіре бастады. Мұның бәрі, Дилараның айтуында, ІІІД онға жуық қызметкерлерінің көзінше болды. Онымен қоса, ол жасамаған қылмысты мойындауына қол жеткізі алмаған соң, тіл тигізіп оны жібере салды. Келесі күні Искакова Дилара сот-медициналық сараптамасынан өтті және ұрып-соғудың және күйдіруді іздерін белгілетіп алды. Осымен ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросына өтінішпен жүгінді. Тек екі апта өткен соң ғана одан сараптама қорытындыларын сұратты және түнгі уақытта өткізілген көзбе-көз беттестіруге шақырта бастады. Үш апта күткен соң тергеуші істің қылмыс құрамы болмағандықтын тоқтатылғанын мәлімдеді. Сотқа дейінгі істі қозғау барлығы үш рет жүргізіліп отырды, екі рет тоқтату туралы қаулы шығарылды, сол екі рет те Искакова жоғарыда көрсетілген қаулыларға сот тәртібінде шағым берді.

VI КОАЛИЦИЯНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

2019 жылы 6 желтоқсанда Коалиция қатысушылары кездесу барысында Коалицияның стратегиялық бағыттарының бірін жою туралы, адвокаттың және өтініш бойынша тартылатын маман адвокаттың бас бостандығынан айыру орындарындағы

адамдарға қатысты ықтимал азаптаулар туралы куәландыратын дәлелдерді құжаттау және тіркеу үшін сол орындарға баруына еш кедергі келтірмеу туралы шешім қабылдады.

Алайда, Коалиция таңдалған стратегиялық бағыттар бойынша белсенді жұмысын жалғастырып келеді,

Атап айтқанда:

I. Өздеріне азаптау қолданғаны туралы арызданушы тұлғалар үшін Бірыңғай медициналық тексеру және куәландыру нысанын енгізу. Нысан Стамбұл хаттамасы негізінде құрылуы тиіс. (осы бағытты жүзеге асырумен Коалицияға қатысушы-ұйым «Амансаулық» ҚҚ айналысады).
II. Азаптаудан қорғаудың қосымша кепілі ретінде, мәліметтерді қадағалау органына жылдам беру арқылы нақты ұстау сәтін бейнетіркеуді енгізу. Аудио және бейнетіркеуді аңнамалық реттеу және оны бұзу үшін жауапкершілік (осы бағытты жүзеге асырумен Коалицияға қатысушы-ұйым «Талдықорған құқық қорғау орталығы» ҚҚ айналысады).
III. Коалицияға келіп түсетін барлық азаптау туралы хабарламаларды арнайы прокурорларға жолдау арқылы Арнайы прокурорлар басқармасының жұмысын жандандыру.
IV. Жабық деп аталатын мекемелерде отырған тұлғалардан ҰАТ-не бағытталатын азаптау туралы шағымдарды мемлекеттік тексеру туралы заңнамалық талапты жою.
V. Заңнаманы және азаптар құрбандары үшін мемлекеттен ақылақтық зиянды өндіріп алу тәжірибесін жетілдіру.

Бұл бағыттар Коалицияның ұлттық және халықаралық деңгейде авдокаттық күш салуының бағыттары болып табылады. Олар Коалицияның пікірі бойынша, тәжірибеде азаптау бойынша шағымдарды алу, арыздарды тіркеу, дәлелдерді тіркеу жағдайын өзгерте алатын, сонымен қатар нақты ұстау және оның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау үшін одан әрі жеткізу кезінде аса әлсіз болатын ұтсалған адамдарға қа-

үіпсіздікті қамтамасыз ете алуы мүмкін Коалицияның ұсыныстарын көрсетеді.

Топтардың жұмысы аясында адвокаттық жұмыс жүргізіледі, ол келесілерді қамтиды: мемлекеттік органдармен қатынасхаттар, ұсыныстар мен нұсқауларды құруда аналитикалық жұмыс, уәкілетті мемлекеттік органдармен кездесулер, бақылау және тағы басқалары.

2019 жылдың соңында осы барлық бағыттар өзекті болып қала беруде.

Азаптауға қарсы Қазақстан ҮЕҰ Коалициясы Қазақстанда азаптау мәселесін шешуде жұмысын жалғастыруда және уәкілетті мемлекеттік органдарға сәйкес ұсыныстарды, ал қоғамға және азаптар құрбандарына – әділдікке қол жеткізуде көмек көрсетуді ұсынады.

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

1. «Азаптап» деген ұғымды Азматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 7 бабына және өзге халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін және азаптар ешбір жағдайда да ақталмауын қамтамасыз ету үшін заңнаманы қайта қарау.

2. Азаптаумен байланысты қылмыс үшін жаза, заңнама тұрғысынан да, тәжірибе жүзінде де қылмыстың ауырлығы мен сипатына шамалас болуын қамтамасыз ету. ҚР ҚК 146 бабының нормасынан бас бостандығынан айыруға баламалы жаза түрлерін алып тастау.

3. Қорлайтын, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекет және жаза үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыру.

4. Соттың азаптау туралы мәлімдемені алғашқы тергеудің ең төменгі шамасын өздігінен қабылдау құқығын орнату (дәлел-

дерді бекіту, ұлттық деңгейде тиімді құқықтық қорғау құралына құқықты қамтамасыз ету мақсатында), осылайша тергеу органының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау.

5. Азаптарға қатысты нөлдік төзімділік саясатын қатал ұстану және БҰҰ Азаптауға қарсы комитетінің, Азаптау туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашының барлық ұсыныстарын, сонымен қатар Әмбебап мерзімді шолу аясындағы ескертулерді орындау. Азаматтарға мәлімделген азаптарға қатысты нөлдік төзімділікті іс жүзінде ұстануды көрсету.

6. Қылмыстық атқару жүйесін ҚР Ішкі істер министрлігіне енгізуден шығару туралы мәселені қарастыру, сонымен қатар медициналық қызметті ҚР Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Білім министрлігі және т.б. бағынуынан Денсаулық сақтау министрлігінің бағынуына ауыстыруды жүзеге асыру.



7. Тұлғаларды бас бостандығынан айыру орындарында және өзге жабық түрдегі жерлерде ұстау жағдайларын тұтқындарға қарым-қатынастың Минималды қалыпты ережелеріне (Мандела Ережелері), психикасы бұзылған тұлғаларды қорғау жөніндегі БҰҰ ережелеріне, Пекин және Эр-Рияд ережелеріне және т.б. сәйкестендіру. Жазаларын өтеуші тұлғаларды бас бостандығынан айыру орындарында камера-камера юойынша ұстау жүйесін енгізу. Бұл бас бостандығынан айыру орындарында кеңінен таралған тұтқындар арасындағы зорлықты, соның ішінде осы мекемелер әкімшілігінің үнсіз келісімі немесе жол берушілігімен жоюға мүмкіндік береді.

8. Қазіргі уақытта, азаптау және өзге қатыгез іс-әрекет түрлеріне шағымдар бойынша тергеу тәуелсіз органмен жүргізілуін және

дәлелсіз созылмауын және «арнайы прокурорлар басқармасы» азаптау және қатыгез іс-әрекет жағдайларын барлық тергеу жұмыстары үшін өздері жауап беруін және оларға бағынатын құқық қорғау органдарына тергеуді аудара салмауын қамтамасыз ету. Коалиция тәуелсіз, Парламентке мерзімді есеп беріп отыратын (жыл сайын) азаптару, қатыгезі, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекет немесе жаза түрлеріне байланысты бүкіл хабарламаларды тергеу тетігін құруды барынша алға тартып отыр.

Бұл ретте тетік құрамында Сабағаттық органды құру ұсынылуда, оның құрамына Қазақстанның Азаптауға қарсы ҮЕҰ коалиция қатысушылары ішінен адвокаттарды және сарапшыларды кіргізу ұсынылуда. Мұндай кеңес дәл азаптарды тергеудің (алдын алу емес) күрделі мәселелерін қарастыра алар еді; азаптарды тергеу әдістерін реттейтін нормативтік-құқықтық негізді жеке істер үлгісінде және жалпы тәжірибеде, соның ішінде халықаралық тәжірибеде жетілдіру бойынша ұсыныстарды бере еді; басқа елдерде ұқсас құрылымдармен сараптамалық байланысты орнатар еді. Мұндай тергеу тетігі арызданушылардың ізіне түсу, оларға қоқан-лоқы көрсету және т.б. жоюды көздейтін азаптау туралы хабарламаларды жеткіщу әдістерін қарастыруы тиіс.

9. Болжалды азаптау немесе қатыгез іс-әрекет құрбандарына қатысты «жалған мәлімет жеткізуде» айып тағудан тартыну. Арыздары расталмаған жағдайда азаптар туралы арызданушыларды қылмыстық қудалауды болдырмайтын өзгертулерді ҚР ҚК-не енгізу.

10. Азаптау және қатыгез іс-әрекет құрбандарына толық бейәлеуметтендіру, соның ішінде оңалту, тиісті өтемақы алу және қылмыстық іс бойынша сот қарауына қарамастан азаматтық-құқықтық қорғау құралдарын пайдалану мүмкіндігі қол жетімді болуын қамтамасыз ету;

11. Пенитенциарлық жүйені полициядан және ішкі қауіпсіздік құрылымдарынан тәуелсіз орган бақылауын қамтамасыз ету.

12. Бас бостандығынан айыру орындарында тұтқындардың өз дене-бітімдеріне зақым келтірудің әр жағдайды мұндай дене-мүшеге зиян келтіру актілеріне алдында орын алған азаптау неме-

се қатыгез, адамгершілікке жатпайтын не болмаса ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттің ықтималдығын анықтау үшін тергеу.
13. Тәжірибеде бас бостандығынан айыру орындарында орналасқан, азаптау туралы арызданушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
14. Сотқа дейінгі кезеңде, тұлғаны қылмысты жасауда қатыстылығын анықтау үшін оны ІІБ жеткізген сәтте оған оның құқықтары туралы міндетті түрде айтылуы тиіс, атап айтқанда (1) жақындарына қоңырау шалу құқығы; (2) адвокатқа хабар беру құқығы; (3) ар-намысты қорлайтын, адамгершілікке жатпайтын, қатыгез іс-әрекеттен еркіндік құқығы.
15. Стамбұл хаттамасының стандарттарын азаптарды тергеу және құжаттандыру тәжірибесіне енгізу. Құжаттандыруға қатысты, бұл басқасына қоса, - алғашқы денсаулық сақтау ұйымдары (жарақатты тексреу орны, жедел жәрдем, ауруханалар).
16. Ұлттық алдын алу тетігін жетілдіру, оның қаржылық және институционалдық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.









Алматы 2020